

2024-2025 оқу жылындағы Ж.Тәшенев атындағы жалпы орта білім беру мектебінің тамақтану қорытындысы туралы анықтама (қараша)

Қараша айына тағам сапасының мониторингі комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес тағамның табиғи нормаларын анықтайтын тексеру жүзеге асырылды.

Асханаға жеткізілетін тамақ өнімдерінің мерзімдері жарамды, тамақ өнімдері түрлерінің сапалық жағдайы, қоймадағы сақтаулы тамақ өнімдерінің жағдайлары жақсы. Қойма іші таза, артық зат жоқ, тамақ өнімдері ретімен сөрелерге қойылған, жерге қойылған тамақ өнімдері жоқ. Тамақ өнімдерін сақтайтын 2 тоңазытқыш істеп тұр. Тоңазытқышта тұрып қалған тамақ жоқ, тәуліктік сынама алынып, тоңазытқышқа салынған. Ыдысты жуу, кептіру ережеге сай. Жабдыктары бар. Ыдыс-аяқтар жаңартылған, таза, шынысы ұшқан ыдыстар жоқ. Ас мәзіріне сай құрамына керекті қоспалармен тағамдарды дайындау сапасы технологиялық картамен жасалған. Тексерген сәтте ас мәзірі бойынша дайындалған тағамдарды балалардың тауысып ішкенін көрдік, қалдық аз. Дайын тағамдардың дәмі жақсы, тағамдар ас мәзіріне сай салынған.

Асханадағы қызметкерлер медициналық бақылаудан өткен. Асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киім үлгісі, барлық санитарлық талапқа сай. Мектеп медбикесі аспазшылардың жұмысын күнделікті қадағалап отырады.

Шешім: Мектеп асханасы талапқа сай жұмыс жасауда. Тамақ өнімдерінің сапасы, дайындалу технологиясы, асхана тазалығы талапқа сай. Тамақ бекітілген ас мәзіріне сәйкес беріледі, дайын ас көлемінің шығымы өз деңгейінде болады.

ТЖжБО:



У.С.Исағалиева

**Ж.Тәшенев атындағы жалпы орта білім беру мектебінің
тамақтану қорытындысы туралы анықтама (қазан)**

Қазан айында тағам сапасының қорытындысы бракераж комиссияның жұмыс жоспарына сәйкес тағамның табиғи нормаларын анықтайтын тексеру жүзеге асырылды.

Мектеп асханасы мен ас блогына күнделікті ас мәзірі бойынша дайындалған тағамдар мен ұсынылатын өнімдер сертификаттарының сәйкестігіне тексеру жүргізілді. Сактау шарттары мен мерзімдері және жеке гигиенаны бақылау және қажетті тексерулерден уактылы өту;

Білім алушылардың тамақтануы пісіру, бұға пісіру, сөндіру, пісіру сияқты тағамдарды дайындаудың белгілі бір тәсілдерін пайдалануды көздейтін жұмсақ тамақтану қағидаттарына сәйкес келеді және тітіркендіргіш қасиеттері бар өнімдерді алып тастайды. Күн сайын тамақтану залында ас мәзірі ілінеді, онда тағамдардың көлемі мен аспаздық өнімдердің атаулары туралы мәліметтер көрсетіледі. Дайын өнімнің сапасына және тамақтандыруды ұйымдастыруға бақылау жүйелі түрде жүргізіледі.

Қызметкерлер арнайы санитарлық киіммен (халат немесе күртеше, шалбар, бас киім, тайғанамайтын жеңіл жұмыс аяқ киімі) қамтамасыз етілген. Жұмысқа тиісті кәсіби біліктілігі бар адамдар және белгіленген тәртіппен мерзімді медициналық тексерулер, кәсіби гигиеналық дайындықтар (тырнақ қысқа қиылған) және аттестациядан өткен адамдар жіберіледі. Балалардың тамақтануында тыйым салынған тағамдар тұтынылмайды.

Мектеп асханасына бару оқушылардың тамақтануы кезінде өткізілді және аспазшылармен әңгіме өткізілді.

Шешім: Асхана мәзірінде қолданылатын азық-түліктің барлығы Қазақстандық өнімдер.

ТЖжДО:



У.С.Исағалиева

2025-2026 оқу жылындағы оқушылардың асханада дұрыс тамақтануы туралы анықтама. (қырүйек айы)

Бала денсаулығын сақтау мен нығайтудың бір жолы уақытылы тамақтандыру болып табылады. Осы мақсатта мектебімізде оқу жылының басынан оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету ерекше назарға алынған.

Мектебіміздің асханасы 400 орынға арналған. Оқушылардың жекелеген санаттарына байланысты мектепте тегін ыстық тамақпен қамту жақсы жолға қойылған. Асханада тамақтандыруды ұйымдастыруда ЖК «Р.Д.Абденбаева» жұмыс жасайды. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың құжаттары ҚР Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша қабылданады. Сонымен қатар тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың асханадан тамақтануы күнделікті қадағаланады. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы үнемі бақылауда болады. Асхананы тексеруге мектеп және ата-аналар тарапынан бракераж комиссиясы құрылды. Бұл комиссияға ДТЖЖ орынбасарлары, әлеуметтік педагог, медбике, Қамқоршылық кеңесінің өкілі, ата-аналар қауымдастығының өкілі және әр сыныптан 1 ата-анадан алынды. Бұл комиссия ыстық тамақтанудың сапасын аптасына 1 рет тексеріп, акт толтырады.

Статустары бар оқушылар және 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен тегін тамақтанады. Әр айдың соңында бухгалтерияға тегін тамақтану бойынша есеп тапсырылады. Асханадағы тәртіптің сақталуы мақсатында ұстаздардың кезекшілік кестесі ұйымдастырылған және әр сынып белгіленген уақытта тамақтанады. Сондай-ақ мектебімізде тағамның сапасын, санитарлы-гигиеналық қалпы жиі қадағаланады.

Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыруы мен тексеру қорытындысына көз салайық.

Р/с	Сыныптар	Бала саны	Тегін тамақтанатын оқушылар саны	Әлеуметтік жағдайы		
				жетім ОБПР	көпбалалы	азқамтылған
1	1-4	390	390/31	0	28	3
2	5-11	597	597/37	1	46	3
				Арендатор есебінен –4.		
3	1-11 даярлық	987 13	987/84 (4 бала үйден оқиды)	Кеңішілік Назым-7д; Кеңішілік Данияр-5а; Ерғанатұлы Елнур-9а; Қабдулла Нұржанат-9б;		

Сонымен қатар мектеп оқушылары мен ата-аналардан мектеп асханасы және тамақтану туралы сауалнама алынды. Жалпы сауалнама 5-6 сұрақтан құрылды. Нәтижесін айтып кетсем,

Сауалнамаға барлығы 906 оқушы қатысты. Оқушылар өз ойларын нақты көрсете алды. Сауалнама нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті:

1. Сіз мектеп асханасында тамақтанасыз ба?

а. иә –802/89 пайыз

б. жоқ-104/11 пайыз

2. Асхананың бағасы сіздің көңіліңізден шығады ма?

а. иә –581/64 пайыз

б. жоқ-325/36 пайыз

3. Асхананың қызмет көрсету сапасын қалай бағалайсыз?

- а. жоғары – 754/ 83 пайыз
- б. төмен – 152/ 17 пайыз

4. Асханаға баратын уақыт сізді қанағаттандыра ма?

- а. иә – 653/72 пайыз
- б. жоқ – 253/ пайыз

5. Ыстық тамақ ішесіз бе?

- а. иә – 497/55 пайыз
- б. жоқ – 409/45 пайыз

6. Қай сыныпта оқисыз?

- а. 1–4 310/ 34 пайыз
- б. 5-11 596/ 66 пайыз

Қорытынды: Сауалнама нәтижесі жаман емес, балалар мектеп асханасы туралы жақсы пікірлер айтты, асханаға күніне 2-3 рет барады.

Сауалнамаға барлығы 757 ата-ана қатысты. Ата-аналар өз ойларын нақты көрсете білді. Сауалнама нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті:

1. Сіздің балаңыз мектеп асханасында тамақтана ма?

- а) иә – 682/90 пайыз
- б) жоқ – 75/ 10 пайыз

2. Асханаға күніне қанша теңге бересіз?

- а) 100-500 454/ 60 пайыз
- б) 500-1000 303/ 40 пайыз

3. Асханадағы тағамдардың сапасы сізге ұнайды ма?

- а) иә – 436/ 58 пайыз
- б) жоқ – 321/ 42 пайыз

4. Асхана бағасы сізді қанағаттандырады ма?

- а) иә – 391/52 пайыз
- б) жоқ – 366/ 48 пайыз

5. Балаңыз қай сыныпта оқиды?

- а) 1 – 4 197/ 26 пайыз
- б) 5-11 560/ 74 пайыз

Қорытынды: Сауалнама нәтижесі жаман емес, ата-аналар мектеп асханасы туралы жақсы пікірде.

Ұсыныс:

1. Асханадағы тәртіптің сақталуы мақсатында кезекшілер, әр үзілісте кезекшілікке шығып тұрулары қажет;
2. Әр сыныптағы жаңадан келген оқушылардың тұрмыс-жағдайын зерттеу арқылы статусын анықтап отыру.

ТЖЖДО



У.С.Исағалиева